

**Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы
(2005 жылғы 1 мамырға)**

Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың төрт айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 22 295,4 млн. теңге құрайды, бұл 2004 жылдың дәл осындай кезеңінде жиналған көлемнен 60,9%-ке көп.

**Сақтандыру сыйлықақыларының түсуі
Поступление страховых премий**

Сақтандыру сыйлықақыларының түсуі Поступление страховых премий	01.05.04.	01.05.05.		млн. теңге
		Сумма	доля, %	1.05.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен Изменение по сравнению с 1.05.2004г., в %
Барлығы, оның ішінде:	13 854,9	22 295,4	100,0	60,9
Всего, в том числе по:				
Міндетті сақтандыру бойынша	1 833,6	2 307,6	10,4	25,9
Обязательному страхованию				
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	1 377,2	2 393,6	10,7	73,8
Добровольному личному страхованию				
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша	10 644,1	17 594,2	78,9	65,3
Добровольному имущественному страхованию				

Кестені қарағанда 2005 жылғы 1 мамырда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 25,9%. - ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 73,8%, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша - 65,3% болды.

Түскен сақтандыру сыйлықтарының құрылымы, % (айлар бойынша) Структура поступивших страховых премий, % (по месяцам)



2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықтарының келіп түсу құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықтарының түсімі - 82,3% (1 900,0 млн. теңге) болып келеді.

ерікті жеке сақтандырудағы сақтандыру сыйлықтары түсімінің - 45,0%-ін (1 077,1) млн. теңге медициналық сақтандыру бойынша түскен түсім бойынша, 40,0% (958,3 млн. теңге) - жазатайым жағдайдан және аурулардан сақтандыру бойынша, 13,5% (323,6 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша болып келеді.

ерікті мүлдікті сақтандырудағы сақтандыру сыйлықтары түсімінің - 42,6% (7 497,6 млн. теңге) мүлдікті сақтандыру бойынша, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша - 31,6% (5 551,0 млн. теңге) және кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша - 8,3% (1 455,2 млн. теңге) болып келеді.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықтарының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықтарының түсуі Поступление страховых премий по отраслям страхования	1.05.04.		1.05.05.		1.05.2004 ж. салыстырғандағы өзгеріс., %-пен Изменение по сравнению с 1.05.2004г., в %
	Сомасы Сумма	Үлесі, % доля, %	Сомасы Сумма	Үлесі, % доля, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	13 854,9	100,0	22 295,4	100	60,9

Всего по отраслям страхования					
Өмірді сақтандыру Страхование жизни	180,7	1,3	335,3	1,5	85,6
Жалпы сақтандыру Общее страхование	13 690,4	98,7	21 960,1	98,5	60,4

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 335,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың дәл осы күнімен салыстырғанда 85,6% - ке көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі есепті күнге 2004 жылғы 1 мамырда 1,3%-ке қарсы 1,5% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2005 жылдың төрт айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 21 960,1 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың осындай кезеңінен 60,4% -ке артық. "Жалпы сақтандыру" саласында негізгі үлес алатын сақтандыру сыныптарының арасынан мынадай сыныптарды айтуға болады:

"мүлікті сақтандыру" сыныбы – 34,1% (7 497,6 млн. теңге);

"зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру" сыныбы–25,3% (5 551,0 млн. теңге);

"көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" сыныбы – 8,7% (1 900,0 млн. теңге);

"кәсіпкерлік тәуекел" сыныбы – 6,6% (1 455,2 млн. теңге).

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша, өткен есепті күндермен салыстырғанда, үлесіне сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша 65,8% келетін негізгі 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: "Еуразия" СК" АҚ-ы -28,1 %, "ЭйАйДжи Қазақстан" ЖАҚ-ы –12,6%, "КИС "Казахинстрах" АҚ" –12,4%, "Казкоммерц - Полис" СК" ААҚ-ы - 6,5%, "Алматы халықаралық сақтандыру тобы "СК"-6,2 %.

ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 26,5% (5 907,9 млн. теңге) болып отыр.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 45,3%-ін немесе 10 092,3 млн. теңгені құрады. Бұл ретте резидент еместерді қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 36,1% -і берілді.

Қайта сақтандыру Перестрахование

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары Страховые премии, переданные на перестрахование	1.05.04		1.05.05	
	Сомасы Сумма	Жиынтық сыйлықақыдағы үлесі, %-пен Доля в совокупных премиях, %	Сомасы Сумма	Жиынтық сыйлықақыдағы үлесі, %-пен Доля в совокупных премиях, %
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	6 282,4	45,3	10 092,3	45,3
Всего передано в перестрахование, в т.ч.				
Резидент еместерге	5 833,3	42,1	8 051,6	36,1
Нерезидентам				

Резиденттерге Резидентам	449,1	3,2	2 040,7	9,2
--------------------------	-------	-----	---------	-----

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 98,4% алып отыр. Ерікті жеке сақтандыру бойынша - 0,6%, міндетті сақтандыру бойынша - 1,0%.

Сақтандыру төлемдері

2005 жылдың 4 айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 48,5%-ке арта отырып, 3 181,4 млн. теңге болды. Сонымен бірге сақтандыру төлемдерінің үлесі қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен 13,1% (417,5 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері Страховые выплаты

Сақтандыру төлемдері Страховые выплаты	1.05.04.	1.05.05.		млн. тенге	
		Сомасы сумма	Үлесі, % Доля, %	1.05.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен Изменение по сравнению с 1.05.2004г., в %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	2 142,1	3 181,4	100		48,5
Всего, в том числе по:					
Міндетті сақтандыру бойынша	875,2	1 072,0	33,7		22,5
Обязательному страхованию					
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	404,7	438,0	13,8		8,2
Добровольному личному страхованию					
Ерікті мүліктік сақтандыру	862,2	1 671,3	52,5		93,8
Добровольному имущественному страхованию					


1.05.2005 жылғы жағдай бойынша сақтандырудың сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда - көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 97,0% (1 040,2 млн. теңге) болды;

ерікті жеке сақтандыруда - сақтандыру төлемдерінің 84,7%-і (371,2 млн. теңге) медициналық сақтандыру төлемдеріне келеді, жазатайым жағдайдан және аурулардан сақтандыру бойынша 9,1% (39,7 млн. теңге) және 5,5% (24,0 млн. теңге) өмірді сақтандыру бойынша келеді.

ерікті мүліктік сақтандыруда - кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша 41,5% (693,3 млн. теңге), 24,1% (402,6 млн. теңге) – автомобиль көлігін сақтандыру бойынша, сақтандыру төлемдерінің 12,0 %-і (200,7 млн. теңге) - жүктерді сақтандыру бойынша келеді.

Структура страховых выплат, % (по месяцам)



2005 жылдың төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 32,7%-і болды. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы) шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 мамырдағы 51,0 %-ке қарсы, 54,7%-ті құрады. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша шығын өсімінің үрдісі сақталуда. Бұл міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері “Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы” ҚР Заңында белгіленген мөлшерден аспайтындығымен негізделген.

Кері көрініс ерікті жеке сақтандыру сыныптары бойынша байқалады. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша шығын коэффициенті өткен жылғы 29,4%-ке қарсы, тиісінше 18,3% болды, бұл сақтандырудың осы сыныбы бойынша сақтандыру төлемдерінің өсуімен салыстырғанда сақтандыру сыйлықақысының жоғары өсімін білдіреді. Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша шығын коэффициенті ұлғайды және 2004 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 8,1%-ке қарсы 9,5% болды. Жалпы алғанда есепті күнге шығын коэффициенті 14,3% болды.

Шығын коэффициенті
Коэффициент убыточности

Сақтандыру қызметінің түрлері Виды страховой деятельности	Шығын коэффициенті, %-пен Коэффициент убыточности, %	
	1.05.04.	1.05.05.
Барлығы, оның ішінде:	15,5	14,3
Всего, в т.ч.:		

Міндетті сақтандыру бойынша по обязательному страхованию	47,7	46,5
Ерікті жеке сақтандыру бойынша по добровольному личному страхованию	29,4	18,3
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша по добровольному имущественному страхованию	8,1	9,5

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 36 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 2- өмірді сақтандыру бойынша, 6 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 8 сақтандыру брокері, 28 актуарии және сақтандыру ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиялары бар 34 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы Институциональная структура страхового сектора	01.05.04.	01.05.05.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде Количество страховых организаций, в т.ч.	34	36
Резидент еместердің қатысуымен с участием нерезидентов	6	6
өмірді сақтандыру бойынша	2	2
по страхованию жизни		
Сақтандыру брокерлерінің саны Количество страховых брокеров	6	8
Актуариилер саны Количество актуариев	30	28
Сақтандыру ұйымдарында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	34
Количество аудиторских организаций, имеющих лицензию на право осуществления аудита страховой организации		

31 сақтандыру ұйымы есепті күнге “Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры” АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

31 страховая организация на отчетную дату являлась участником АО «Фонд гарантирования страховых выплат».

Капитал. 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 26 215,0 млн. тенге болды, бұл өткен жылдың дәл осындай күнімен салыстырғанда 56,4% -ке (16 766,6 млн. тенге) көп болды.

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша барлық сақтандыру ұйымдары меншікті капиталдың жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындады.

Қаржы көрсеткіштері Финансовые показатели	1.05.04.	1.05.05.	млн. тенге
			1.05.2004 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен Изменение по сравнению с 1.05.2004г., в %
Жиынтық активтер Совокупные активы	31 675,4	50 856,8	60,6
Міндеттемелер Обязательства	9 976,3	18 673,0	87,2
оның ішінде таза сақтандыру в т.ч. чистые страховые резервы	7 457,9	12 762,4	71,1

Басқа да міндеттемелер	2 518,4	5 910,6	134,7
Прочие обязательства			
Меншікті капитал (баланс бойынша)	21 699,1	32 183,8	48,3
Собственный капитал (по балансу)			

Есепті күнге «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 9,9%-і болды. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 1,0%-ін құрайды.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2005 жылғы 1 мамырда 50 856,8 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 мамырдағы дәл сондай көрсеткіштен 60,6%-ке көп, оның ішінде:

Активтер Активы	1.05.04.		1.05.05.		1.05.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен Изменение по сравнению с 1.05.2004г., в %
	Сомасы Сумма	үлесі,% Доля, %	Сомасы Сумма	үлесі,% Доля, %	
Ақша Деньги	1 102,6	3,5	2 331,4	4,6	111,4
Орналастырылған салымдар	4 059,4	12,8	8 655,6	17,0	113,2
Вклады размещенные					
Бағалы қағаздар Ценные бумаги	18 850,0	59,5	28 930,7	56,9	53,5
Сақтанушыдан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	3 251,5	10,3	6 068,8	11,9	86,6
Страховые премии к получению от страхователей и посредников					
Негізгі қаражат	1 774,3	5,6	1 979,0	3,9	11,5
Основные средства					
Материалдық емес активтер	39,6	0,1	88,7	0,2	124,0
Нематериальные активы					
Басқа дебиторлық берешек	1 357,3	4,3	1 073,7	2,1	-20,9
Прочая дебиторская задолженность					
Басқа активтер	1 240,7	3,9	1 728,9	3,4	39,3
Другие активы					
Активтер жиынтығы	31 675,4	100	50 856,8	100	60,6
Итого активы					

Жалпы алғанда, 2005 жылдың төрт айында сақтандыру ұйымдары активтерінің сомасы 15,3-ке (6 762,1 млн. теңгеге) ұлғайды.

Міндеттемелер. 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдың дәл осындай күнімен салыстырғанда 87,2%-ке өсе отырып, 18 673,0 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің көлемі 12 762,4 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың 1 мамырындағы қалыптасқан резервтер көлемінен 71,1%-ке артық. Қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі есепті күндегі үлесі 10 065,5 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.05.04.	01.05.05.
ЖІӨ, млрд. теңге ВВП, в млрд. теңге	4 449,8	6 397,0 ¹
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен Отношение страховых премий к ВВП, в %	0,31	0,35 ²
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен Отношение собственного капитала к ВВП, в %	0,49	0,50
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен Отношение активов к ВВП, в %	0,71	0,80
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен Отношение страховых премий на душу населения, в тенге	927	1 486

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

¹ - прогнозные данные на 2005 год

² - страховые премии, полученные за январь - апрель 2005 года